

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №40 (6718) 28 сәуір, сейсенбі, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz



МОТОШАБАНДОЗДАР

Алматылық байкерлер туралы білесіз бе?

10



ТАБИҒАТ ТА ТАЗАЛЫҚТЫ СҮЙЕДІ



Алматыда «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында жалпықалалық сенбілік өтті. Іс-шараға қала әкімі Дархан Сатыбалды, мемлекеттік органдардың өкілдері, коммуналдық қызметтер, бизнес қауымдастығы, қоғамдық және жастар ұйымдары, сондай-ақ қала тұрғындары қатысты.

4

ӘРІПТЕС ӘЛЕМИ

ТОҚСАН ЖЫЛДЫҢ ТЫНЫСЫ

Бүгін – бізбен қанаттас, тілеулес «Вечерний Алматы» газетінің жарық көргеніне 90 жыл. Осынша уақыттан бері ару Алматының тыныстыршілігімен бітеқайнасып келе жатқан мерзімдік басылым ең алғаш кешкі қалалық газет ретінде 1936 жылдың 28 сәуірінде «Социалистік Алма-Ата» атауымен тарала бастаған. Ал қазіргі «Вечерний Алматы» атауын 1968 жылғы қаңтарда иеленді.

7



Вечерний Алматы

газетіне — 90 жыл!

Коллажты жасаған Нұрбосын Өрсіулы.



www.aqshamnews.kz





АҚОРДА

ЕКІЖАҚТЫ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

Израиль Президенті елімізге ресми сапармен келді



Ақордада елімізге ресми сапармен келген Израиль Президенті Ицхак Герцогты салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Президенттер бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырғаннан кейін Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің әнұрандары орындалды. Содан соң мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөз өткізді.

Кездесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ицхак Герцогпен еліміздің төрінде жүздескеніне қуанышты екенін айтты.

– Ең әуелі, екі ел арасындағы қарым-қатынастың іргесін қалауға Сіздің әкеңіз, Израиль Мемлекетінің бұрынғы Президенті Хаим Герцогтың ерекше еңбек сіңіргенін атап өткім келеді. 1992 жылдан бері қос халық ортасында тығыз достық байланыс орнады. Өзара ынтымақтастықта, әсіресе, экономика және саяси бағыттарда елеулі табысқа қол жеткіздік. Еліміз Ибраһим келісімдеріне қосылу туралы шешім қабылдады. Бұл қадам Таяу Шығыс елдері мен Израиль арасындағы қарым-қатынастың қалпына келуіне Қазақстанның да үлес қосуға дайын екенін көрсетеді.

Бүгін біз өзара экономикалық байланыстарымызға қатысты көптеген мәселені талқылаймыз. Өйткені, екіжақты ынтымақтастықтың әлеуеті зор. Бұл мүмкіндікті мейлінше пайдалану керек, – деді Мемлекет басшысы.

Израиль Президенті 1993 жылы Қазақстанға сапар жасаған әкесі Хаим Герцогтың ізін жалғап, Ақордаға келгені үшін қуанышты екенін жеткізді.

– Қазақстанға үнемі келгім келетін еді. Мұны шын жүректен айтып отырмайын. Өйткені, қазақ жерінің көркем табиғаты мен қазақ халқының керемет мәдениеті туралы көп естідім. Менімен бірге өзара серіктестігімізге, әсіресе, жоғары технологиялар саласындағы ықпалдастыққа тың серпін беретін сарапшылар келді. Әлем жаңа дәуірге қадам басқан кезеңде елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың әлеуеті орасан зор, – деді Ицхак Герцог.

Сонымен қатар, Израиль Президенті Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылу және Бейбітшілік кеңесінің жұмысына атсалысу туралы шешімін қолдады.

БАЙЫПТАМА

БАЙЛАНЫС БЕКЕМДЕЛЕ ТҮСТІ

Араб елдерімен әріптестік артады

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ермек Көшербаев осы күндері Парсы шығанағы елдеріне ресми сапармен барды. Сапар аясында Катар, БАӘ секілді мемлекеттердің сыртқы саяси ведомство басшыларымен екіжақты келіссөздер өткізді. Сондай-ақ, аталмыш елдердің бизнес өкілдерімен кездесті.

Жақын әрі сенімді әріптес

Қазақстан мен Катар арасында дипломатиялық қатынастар 1993 жылы 1 шілдеде орнатылды. Содан бері жоғары деңгейдегі саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық байланыстар қалыптасты. Қазірге дейін мемлекеттер басшылары деңгейінде Қазақстан тарапынан 6, ал Катар тарапынан 7 рет сапар жасалған.

Халықаралық ұйымдар деңгейінде көпжақты қарым-қатынас та жолға қойылған. Астана мен Доха БҰҰ, ИЫҰ және АӨСШК аясында белсенді жұмыс істеп келеді. Катар тарапы Қазақстан бастамашы болған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары създеріне тұрақты түрде қатысып келеді.

Сауда-экономикалық байланыс та қарқынды дамуда. 2025 жылы екіжақты тауар айналымы 8,7 млн. АҚШ долларды құрады. Оның ішінде экспорт – 4,3 млн., ал импорт 4,4 млн. Инвестиция көлемі де жоғары. 2005–2025 жылдары Катардан Қазақстанға 1,5 млрд. доллар көлемінде инвестиция салынды.

26 ақпанда Катарға ресми сапары аясында Қазақстанның Сыртқы істер министрі Ермек Көшербаев Катардың Премьер-министрі – Сыртқы істер министрі шейх Мұхаммед бен Абдулрахман Әл Танимен келіссөздер жүргізді. Онда өзара ынтымақтастықтың күн тәртібін талқылады.

Ермек Көшербаев Катар Қазақстанның араб әлеміндегі жақын әрі сенімді әріптесі екенін мәлімдеді. Өз кезегінде шейх Мұхаммед бен Абдулрахман Әл Тани Қазақстан мен Катар арасындағы қатынастардың даму қарқынын жоғары бағалап, Доханың стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға және екіжақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша бірлескен бастамаларды ілгерілетуге дайын екенін растады.

Келіссөз барысында халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелер де тыс қалмады. Әсіресе, Таяу Шығыстағы жағдай бойынша Е.Көшербаев Қазақстанның барлық қақтығыстарды халықаралық құқық қағидаттары мен БҰҰ Жарғысы негізінде тек саяси-дипломатиялық жолмен реттеу жөніндегі ұстанымының өзгермейтінін атап өтті. Сондай-ақ, министр Қазақстанның Түркістан қаласында бейбіт келіссөздер өткізу үшін алаң ұсынуға дайын екенін назар аударды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт



Катар еліне сапар. Дереккөз: ҚР СІМ

Тоқаев 21 наурызда Түркістанға жасаған сапары барысында осы бастаманы көтерген.

Катарға ресми сапар аясында Е.Көшербаев елдің бизнес өкілдерімен де бірқатар кездесу өткізді. Атап айтқанда, «Power International Holding» және «Milaha» катарлық компанияларының басшылығымен кездесті.

«Power International Holding» компаниясының басшысы Мутаз Әл-Хаятпен келіссөздер барысында энергетика және телекоммуникация салаларындағы бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру перспективалары қаралды. Ал «Milaha» компаниясының бас директоры Фахад Саад Әл-Кахтанмен кездесу аясында тараптар көлік-логистика саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Министр Қазақстанның трансконтиненталдық сауда-логистикалық хаб ретіндегі маңызды рөлін, сондай-ақ Еуропа мен Азия арасындағы көлік байланысын нығайтудағы Транскаспий халықаралық көлік бағытының (Орта дәліз) маңызын атап өтті.

Дәстүрлі бауырластық

Қазақстан мен БАӘ арасында дипломатиялық қатынастар 1992 жылы 1 қазанда орнатылды. Осы

уақытқа дейін екі ел арасында 100-ден аса құжатқа қол қойылған.

БАӘ Қазақстанның сыртқы саяси бастамаларын белсенді түрде қолдап келеді. 2008 жылы АӨСШК-ң толыққанды мүшесі болды. 2015 жылы Ислам азық-түлік қауіпсіздігі ұйымының мүшесі атанды. 2017 жылы Астанада өткен ИЫҰ-ң ғылым және технологиялар жөніндегі бірінші саммитіне қатысты. Сондай-ақ, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі аясындағы жұмысқа тұрақты түрде қатысып келеді.

Екі ел арасында сауда-экономикалық ынтымақтастық тұрақты түрде дамуда. 2025 жылы өзара тауар айналымы 289,7 млн. АҚШ долларын құрап, 2024 жылмен салыстырғанда, 4,6%-ға өскен. Оның ішінде экспорт көлемі – 132,9 млн., ал импорт – 156,8 млн. долларды құрады.

Инвестиция көлемі де жоғары. БАӘ-ден елімізге 6,4 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция құйылған. 2025 жылы бір жылда 1,6 млрд. доллар құйылғанын атап өткен жөн. Ірі екіжақты инвестициялық жобаларға Астанадағы «Абу-Даби Плаза» көпфункционалды кешенді, Жамбыл облысындағы 1 ГВт жел электр станциясын, Алматы облысындағы қант зауытын және Құрық портындағы «Саржа» астық терминалын атап өтуге болады.

27 ақпанда БАӘ-не ресми сапар аясында ҚР Сыртқы істер министрі Ермек Көшербаев БАӘ Премьер-министрінің орынбасары және Сыртқы істер министр шейх Абдалла бен Заид Әл Нахаянмен келіссөздер жүргізді.

Кездесу барысында тараптар қазақ-әмірлік серіктестігінің қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады, саяси диалогтың жоғары деңгейін және екі ел арасындағы дәстүрлі бауырластық қарым-қатынастарды атап өтті.

Бұдан бөлек, ҚР СІМ басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан БАӘ Президентіне 2026 жылдың 28-29 мамыр күндері Астанада өтетін Еуразиялық экономикалық форумға қатысуға ресми шақыруды табыстады. Ал шейх Абдалла бен Заид Әл Нахаян қазақ тарапына қолдау білдіргені үшін алғыс білдіріп, дипломатиялық күш-жігерді ілгерілетуге бағытталған Қазақстанның сындарлы ұстанымын жоғары бағалады.

БАӘ-не ресми сапар аясында Е.Көшербаев елдің бизнес өкілдерімен де бірқатар кездесу өткізді. Атап айтқанда, БАӘ Өнеркәсіп және озық технологиялар министрі, «Masdar» компаниясының төрағасы, «ADNOC» компаниясының Бас директоры Сұлтан Ахмед Әл-Жабармен кездесті.

Осылайша ҚР СІМ басшысы Ермек Көшербаевтың Катар мен БАӘ-не жасаған ресми сапары нәтижелі өтті. Стратегиялық серіктестік, сауда-экономикалық байланыс нығайтып, еліміздің Таяу Шығыстағы жағдайға байланысты ұстанымы қолдау тапты.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.



Шаһарда ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру қорытындылары сараланып, жаңа бағдарламалық құжатты әзірлеу мәселелері кеңінен талқыланды. Іс-шараға жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік мекемелердің өкілдері, сарапшылар, азаматтық қоғам мүшелері және өзге де мүдделі тараптар қатысты.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»

ҚОҒАМ СЕНИМІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жаңа бағыты талқыланды



Дана
САДЫРҚАН

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті ұйымдастырған жиында мемлекеттік басқарудың заманауи тәсілдері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді шешімдер, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, сондай-ақ қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайту мәселелері қаралды.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы өз сөзінде сыбайлас жемқорлықтың ел дамуына кері әсерін атап өтті.

«Сыбайлас жемқорлық азаймайынша, мемлекет жүйелі түрде дамымайды. Президент айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидасы аясында қоғам болып бірігіп, жемқорлықтың себеп-салдарын нақты анықтап, оның алдын алуымыз қажет», – деді ол.

Өз кезегінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департамент басшысы Еркеболат Нұржігітов тұжырымдаманы іске асыру кезеңі аяқталуға жақын екенін жеткізді.

«Біздің басты мақсатымыз – нақты әрі іске асырылатын ұсыныстар жинақтау. Мемлекеттік органдар, бизнес және азаматтық қоғам өкілдерінің пікірін ес-

керу арқылы тиімді шешімдер қабылдау маңызды. Қазіргі кезеңде негізгі басымдықтар – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік аппараттың ашықтығын арттыру, цифрландыру арқылы тәуекелдерді азайту және қоғамда адалдық мәдениетін қалыптастыру. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет сапасын жақсарту мен азаматтардың сенімін нығайту – басты назарда», – деді ол.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінің Конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының меңгерушісі Қарлығаш Рахымжанқызы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, жемқорлықты түбегейлі жою үшін тек жазалау шаралары жеткіліксіз, ең алдымен қоғамда оны моральдық тұрғыдан

қабылдау көзқарасын қалыптастыру қажет.

Жиын барысында Алматының жастар үшін маңызды орталық екені де атап өтілді. Осыған байланысты жоғары оқу орындары жаңа буын өкілдерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы берік ұстанымы бар, жоғары құқықтық мәдениеті қалыптасқан азамат ретінде тәрбиелеуге басымдық беруі тиіс екені айтылды.



Суретті түсірген С.СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КОНФЕРЕНЦИЯ

«SCIENCE & BUSINESS»

Іргелі салалардың байланысы бекемделді

Алматыда дәстүрлі «Science & Business» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Онда ғылым мен экономиканың өзара байланысын күшейту мәселесі кеңінен талқыланды. ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының базасында ұйымдастырылған жиын биыл да ғылыми әзірлемелерді нақты өндіріске енгізу тақырыбын басты орынға шығарды.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Жиын ғылыми зерттеулердің нәтижесін коммерцияландыру, яғни оларды нақты өнім мен технологияға айналдыруды көздеген. Іс-шара барысында ғылыми қор өкілдері, сондай-ақ өз әзірлемелерін өндіріс пен бизнеске енгізе алған ғалымдар нақты тәжірибелерімен бөлісті. Олар инновациялық жобаларды нарыққа шығару, серіктестік орнату және ғылыми идеяларды тиімді іске асыру жолдары туралы пікір білдірді.

Академиядағы Пәнаралық ғылымдар орталығының басқарушы директоры Қуантар Алиханов ғылымның ел экономикасына қосатын үлесі айрықша екенін баса белгіледі:

– Мемлекет басшысы ғылыми зерттеу нәтижелері елдің экономикалық дамуына нақты үлес қосуы керектігін атап өтті. Осыған байланысты конференция аясында ғылыми жұмыстарды өндіріске енгізу барысында туындайтын өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары қарастырылуда. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, технология трансфері мәселесіне басымдық берілуде, – деді ол.

Конференция аясында



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЦИФРЛЫ АЛМАТЫ

БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ:

Қалада GITEK AI форумы өтеді

Алматыда GITEK AI Kazakhstan 2026 халықаралық технологиялық іс-шарасына арналған ресми медиабрифинг өтті. Ұйымдастырылған кездесу – мамыр айында өтетін өңірдегі алғашқы GITEK AI форумы қарсаңындағы маңызды дайындық кезеңдерінің бірі.

Іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, халықаралық инвесторлар, жетекші технологиялық компаниялар және GITEK-тің жаһандық ұйымдастырушылары қатысты. Айта кетейік, мұндай ауқымдағы іс-шара Орталық Азия мен Кавказда алғаш рет өткізіліп отыр. Бұл өңірге халықаралық назарды арттырып, жаңа серіктестіктер мен инвестициялар тартуға жол ашады.

ҚР жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Бақтияр Мұхамбетқалиев өз сөзінде жасанды интеллекттің өркениеттік маңызына тоқталды. Оның айтуынша, бұл тек технологиялық үрдіс емес, экономикалық өсімнің негізгі драйверіне айналып отыр.

«Елімізде жасанды интеллектті экономиканың түрлі саласына енгізу бойынша нақты

жоспарлар әзірленген. Сонымен қатар, Қазақстанда екі ірі суперкомпьютерлік кластер іске қосылып, олардың бірі әлемдегі ең қуатты жүйелердің қатарына енген. Бұл ғылыми зерттеулерді дамытуға, мемлекеттік қызметтерді жетілдіруге және цифрлық трансформацияны жеделдетуге мүмкіндік береді», – деді Бақтияр Абайұлы.

Сондай-ақ, вице-министр халықаралық жасанды интеллект орталығы мен жасөспірімдерге арналған TUMO білім беру бағдарламасының іске қосылып, жаңа буын мамандарын даярлауға ерекше назар аударылғанын атап өтті. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов форумның өңірлік маңызына тоқталды. Оның айтуынша, мамырда өтетін форум – тек көрме емес,

болашақ экономиканы қалыптастыратын алаң.

«Форумға 50-ден астам елден 10 мыңға жуық қатысушы, 150-ден астам стартап және шамамен, 2000 инвестор қатысады деп күтілуде. Бұл – Алматының халықаралық технологиялық орталық ретіндегі позициясын нығайтуға үлкен мүмкіндік. Қала үшін негізгі басымдықтар инвестиция тартуға, таланттар мен сарапшыларды шоғырландыруға, инновациялық экожүйені дамытуға, Алматыны жаһандық технологиялық картада бекітуге бағытталады», – деді Олжас Смағұлов.

Медиабрифинг барысында спикерлер Қазақстандағы жасанды интеллект пен цифрлық экономиканы дамытудың негізгі бағыттарын таныстырды. Инвестициялық мүмкіндіктер, стартап-экожүйе және Алматының өңірлік инновациялық хаб ретіндегі рөлі кеңінен талқыланды.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.



ТАБИҒАТ ТА ТАЗАЛЫҚТЫ СҮЙЕДІ

Нұржамал
ӘЛІШ



(Басы 1-бетте)

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды өткен сенбі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысқан телекөпір форматындағы тікелей эфирге шығып, «Таза Қазақстан» қозғалысы аясындағы экологиялық бастамаларды талқылады.

Мемлекет басшысы бұл жобаның экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және азаматтық жауапкершілікті арттыруға бағытталғанына тоқталды. Жалпықалалық сенбіліктер өткізу мен қаланы көгалдандыру мәселесіне ерекше назар аударылды. Алматыда мұндай іс-шаралар тұрақты сипат алып, қаланың барлық ауданында жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді.

Дархан Сатыбалды тазалық жұмыстарын ұйымдастыру тұрғындар мен коммуналдық қызметтің бірлесуімен жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын және қала тұрғындарының кең қолдауына ие екенін жеткізді. Жыл басынан бері шамамен, 80 мың адам қатысқан төрт жалпықалалық сенбілік өтті. «Мөлдір бұлақ» акциясы аясында өзен арналары мен арық жүйелері тазартылып, 10 мың текше метрден астам қоқыс шығарылды.



Жалпы, биыл 550 мыңнан астам ағаш пен бұта егу, сондай-ақ қоғамдық кеңістіктерді көркейту жоспарланған.

АЮСАЙ ШАТҚАЛЫ сенбілікке жиналған 1000-ға жуық адамның басын қосты. Бостандық ауданындағы осы бір табиғаты әсем визит-орталық – заманауи

туристік және экологиялық кешен. Мұнда келушілер жылдың төрт мезгілінде де үзілмейді. Сондықтан шатқал маңын таза ұстау маңызды.

«Сенбілікке ұжымнан 100 адам келді. Алты техникамызды әкелдік. Біз сенбілікке қатысып қана қоймай, алматылықтарды табиғатқа жанашыр болуға, тазалыққа

үндеміз. Кейінгі кезде байқап жүрмін, адамдардың өзін қоршаған ортаға деген қамқорлық сезімі артқан, экологиялық мәдениет қалыптасқан. Бұл осындай сенбіліктердің нәтижесі деп білемін», – дейді «Алматы Тазалық» МКК бастығының орынбасары Ербол Байжанов.

Сенбілікке шыққан алматылықтар Аюсай визит-орталығынан бастап шлагбаумға дейінгі 2,5 шақырым болатын аралықты, өзеннің жиегін, жол бойын, тау беткейін тұрмыстық қалдықтардан тазартып шықты. Сынған бұтақтар да түгел жиналды. Нәтижесінде 450 м³ қоқыс шығарылды.

БҰТАҚТЫ ШАТҚАЛЫ да сенбілік орталығына айналып, 700-ден астам адамды біріктірді. Медеу ауданына қарайтын бұл аумақта өткен ауқымды іс-шараны қалалық Дін істері басқармасы «Social Development Center» қоғамдық қорымен бірлесіп ұйымдастырды.

Тазалық жұмыстарына әртүрлі діни конфессия өкілдері, қоғам белсенділері, еріктілер және қала тұрғындары қатысты. Қатысушылардың барлығы қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Сенбілікке қатысушыларға күн сайын мыңдаған табиғатсүйер қауым келетін танымал тау бөктерін тазарту міндеті жүктелді.

«Біз Алматы үшін айрықша маңызы бар көркем жерде тұрамыз. Медеу ауданы әкімдігі тарапынан күз мезгіліне дейін бұл аумақтың тазалығын қадағалап, өзіміз де атсалысып отыратын боламыз», – деді аудан әкімі Еркебұлан Оразалин.

БАУМ ТОҒАЙЫ Түркісіб ауданында орналасқан. Жасыл желекке оранған бұл аумақта да ауқымды сенбілік өтті. Тоғайда санитарлық тазалау мен көгалдандыру жұмысы жүргізілді. Коммуналдық қызмет өкілдері, еріктілер мен тұрғындар бірлесіп, қаланы көріктендіруге, алматылықтар мен қала меймандары үшін жайлы орта қалыптастыруға күш жұмылдырды.

Жалпы, бұл күні Алматыда барлық ауданда жалпықалалық сенбілік өтіп, 55 мыңнан астам тұрғын қатысты. Әртүрлі жастағы және түрлі салада еңбек ететін алматылықтар ортақ іске жұмыла атсалысып, шаһарды көркейту мен экологиялық ахуалды жақсартуға үлес қосты.

Жалпы, акцияға 2 мыңға жуық арнайы техника жұмылдырылды. Нәтижесінде шамамен, 5 мың текше метр қоқыс жиналып, 700 ағаш, 10 мың бұта және 5 мың раушан гүлі егілді.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Қоқысты сұрыптау қоршаған ортаға зиянды азайтады

Мегалополисте экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған «Жасыл бастау» атты акция өтті. Іс-шара «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінің аумағында ұйымдастырылып, қала тұрғындарын қалдықтарды бөлек жинауға шақырды. Экологиялық акцияны «Eco Almaty» ЖШС мен «Ecosen» ЖШС бірлесіп өткізді.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ



Іс-шараның басты мақсаты – қайта өңделетін және қауіпті қалдықтарды дұрыс қабылдау жүйесін дамыту, сондай-ақ қоршаған ортаға түсетін зиянды азайту. Акция барысында тұрғындар пластик, қағаз, шыны, алюминий секілді тұрмыстық қалдықтарды, сондай-ақ ескі электронды құрылғыларды тапсыру мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, сынапты шамдар мен арнайы өңдеуді қажет ететін қауіпті қал-

дықтар да қабылданды. Бұл – қаладағы экологиялық қауіпсіздікті арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Ұйымдастырушылардың бірі Еділ Еркінұлы «Нархоз» университетінің 4-курс студенті, «Алатауэковтор» компаниясының менеджері, мұндай бастамалардың маңызына тоқталды:

– Бүгінгі акцияның басты мақсаты – «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінде қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыру. Бұл ауданда арнайы қабылдау пункттері жоқ болғандықтан, тұрғындар арасында қайта өңдеу дағдылары жеткілікті деңгейде дамымаған. Сондықтан біз осы локацияны таңдап, экологиялық акция өткізуді жөн көрдік. Жалпы, мұндай шаралар көбіне қаланың жоғарғы бөлігінде ұйымдастырылады. Ал біз қаланың төменгі бөлігінде де экологиялық мәдениетті дамытуды көздейміз, – деді ол.

Оның айтуынша, акция аясында тұрғындарды ынталандыру мақсатында арнайы сыйлықтар да қарастырылған. Мәселен, пластик бөтелкелерді көбірек өткізген азаматтарға Соса-Сола сусындары ұсынылды. Бұл бастама акцияға Соса-Сола компаниясының қолдау көрсеткенін аңғартады. Мұндай тәсіл тұрғындардың



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың экологиялық бастамаларға белсенді қатысуына ықпал етті. Бүгінде ірі

қалаларда тұрмыстық қалдықтардың көлемі жыл сайын артып келеді. Осы тұрғыда мұндай акциялардың маңызы зор.



«Алматыбасжоспар» F3I ғимаратында «Алматыдағы ауа сапасын жақсарту үшін Қытай тәжірибесі» атты халықаралық семинар өтті. Іс-шара ауаның ластануын төмендету тәжірибелеріне және оларды қала жағдайына бейімдеу мүмкіндіктеріне арналды.

Талқылаудың негізгі бағыты – Қытайдың ауа ластануымен күресудегі тәжірибесі және оны 2025 жылдың желтоқсанында қабылданған Алматыдағы атмосфералық ауаны қорғау қағидаларына сәйкес қолдану мәселесі болды. Іс-шараны Алматы Air Initiative жобасы Алматыны дамыту орталығының қолдауымен ұйымдастырды. Семинарға Қытайдың экологиялық ғылымдар жөніндегі ғылыми-зерттеу академиясының (CRAES) мамандары, сондай-ақ «Eco Almaty» ЖШС мен қалалық экология және қоршаған орта басқармасының өкілдері қатысты.

CRAES деректеріне сәйкес, 2013 жылдан бастап Қытайда ауадағы PM2.5 ұсақ бөлшектерінің деңгейі он жыл ішінде шамамен, 64%-ға төмендеген. Сонымен қатар, осы кезеңде ел экономикасы 61%-ға өскен. Қытайлық сарапшылардың бағалауынша, бұл экологиялық саясат пен экономикалық даму бір мезгілде жүзеге асып, бір-біріне қайшы келмейтін үдерістер екенін көрсетеді. Тиісті нәтижеге қол жеткізуде жүйелі тәсіл шешуші рөл атқарды: күнделікті мониторингке негізделген

ұлттық жоспар іске қосылып, шаралар ластанудың негізгі көздеріне бағытталды.

– Біз мәселенің ауқымын нақты деректер арқылы көрдік: ластану 1,3 млн шаршы шақырымға дейінгі аумақты қамтып, кейбір кезеңдер үш аптаға дейін созылды. Ал зиянды бөлшектердің концентрациясы бір текше метрге 500 микрограмға дейін жетті. 2013 жылы күнделікті мониторингке негізделген ұлттық жоспар іске қосылып, нақты ластану көздеріне бағытталған шаралар қабылданды. Жұмыс энергетика, өнеркәсіп, көлік және жылыту салалары бойынша жүргізілді, – деді академияның вице-президенті Куан Чжан Джюнь.

Семинарға қатысушылар Алматыда қолдануға болатын бірқатар практикалық шешімді айтты. Атап айтқанда, экологиялық таза отын түрлеріне көшу, өнеркәсіпті жаңғырту, автопаркты жаңарту, экологиялық талаптарды күшейту және шаң шығарындыларын бақылау ұсынылды. Сондай-ақ, атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі жаңа қағидалар Алматының ерекшеліктерін ескере отырып, мұндай тәсілдерді кезең-кезеңімен енгізуге негіз болатыны айтылды. Осындай сараптамалық кездесулер жүйелі шешімдер әзірлеуге және Алматыдағы ауа сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

Алматы ауасын тазартамыз!

Әлемдік тәжірибенің әсері қандай?



Алматы қаласында еліміздегі ең ірі тұрғын үй қоры шоғырланған. Қалада шамамен, 9606 көппәтерлі тұрғын үй бар, оларға 2594-тен астам (оның ішінде 1598 МИБ, 820 ПИК және 176 басқарушы компания) басқару органы қызмет көрсетеді.

Тұрғын үйлерге де тексеріс керек

Биыл көппәтерлі тұрғын үйлердің басқармасына 300-дей тексеріс жүргізу жоспарланып отыр. Тұрғын үйлерді күрделі жөндеу мен лифтілерді ауыстыру жұмысы да жалғасады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде Алматы қаласы коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы басшысының орынбасары Жандос Қайырханов осылай деді. Оның айтуынша, қазір қаладағы 9,6 мың көппәтерлі тұрғын үйді 2,5 мыңнан астам нысан – МИБ, ПИК пен басқарушы компаниялар басқарады екен. Өткен жылы 265 тексеріс жүргізіліп, оның қорытындысы бойынша 66 әкімшілік хаттама толтырылып, 37 нысан 10 млн. теңгеден астам сомаға жауапқа тартылған. Биылдың өзінде 151 тексеріс басталып кетіпті.

– Тұрғын үйдің тозуына байланысты көп өтініш түсті. Уақытылы күрделі жөндеу жасамаған, құрылым мен инженерлік жүйелер ескірген, осының бәрі айналып келіп үлкен мәселе болып отыр, – дейді Жандос Қайырханов.

Соған қарамастан, қалада тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртып жатыр. 2011–2025 жылдар аралығында 1316 көппәтерлі тұрғын үйге (кіреберістер, инженерлік желілер, шатыр мен т.б.) күрделі жөндеу жүргізіп, 2372 лифті ауыстырды. Биыл тағы 100 үйді жөндеп, 45 лифтіні ауыстырғалы отыр. Бұл шамамен, 300 жұмыс орнын құруға мүмкіндік бермек. Тұрғын үйлерді басқару саласындағы заңнамалық өзгеріске де ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, «жай серіктестік» нысаны алынып тасталды. Енді екі негізгі модель қарастырылған – МИБ пен тікелей бірлескен басқару. Сондай-ақ, МИБ төрағасының өкілеттік мерзімі үш жылға дейін ұзартылып, басқарушы компанияларды тарту мүмкіндігі кеңейтілді.

Бұдан бөлек, тұрғындардың жиналысын өткізудің күндізгі және сырттай (оның ішінде онлайн) дейтін жаңа форматы енгізілді. Сонымен қатар, тұрғын үй инспекциясының міндетіне жылыту маусымына дайындық пен өрт қауіпсіздігі жүйелерінің жай-күйін бақылау жағы да кіріп отыр. Сондай-ақ, қолданыстағы ПИК-тер биылғы шілде айына дейін қайта тіркеуден өтуге тиіс. Ол үшін ХҚКО арқылы өтініш, жиналыс хаттамасы мен тіркеу алымының төленгені туралы құжат тапсыру керек. Белгіленген мерзімде талап орындалмаған жағдайда кооперативтерді мәжбүрлі түрде тарату рәсімі қарастырылған. Сонымен қатар, заңда уақытша басқарушы компаниялар институты көзделген. Бұл жаңа үйлерге де, сондай-ақ тұрғындары басқару нысанын әлі таңдамаған объектілерге де қатысты.

Бұл бастама тұрғын үй қорын басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттырып, тұрғындардың, басқарушы ұйымдар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланыс мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Өткен жылы бақылау функциялары аясында басқару органдарына қатысты 265 тексеріс жүргізіліп, оның нәтижесінде 66 әкімшілік хаттама толтырылды (оның 15-і есептерге, 6-ауы соттарға және 45-і берілген нұсқамаларды орындамағаны үшін). Сот органдарының шешімімен 37 басқару органы 10,4 млн. теңге көлемінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Биыл шамамен, 300 тексеріс жүргізу жоспарланған, олардың 151-і бойынша тексеріс жұмыстары басталды.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

Биыл 51 мың жұмыс орны ашылады

Бірінші тоқсанның өзінде 9 мыңнан астам адам жұмыспен қамту бағдарламасына қатысып, жыл соңына дейін кемі 51 мың жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық Еңбек мобильдігі орталығы директорының орынбасары Әділет Жаңабаев осылай деді.



Нұржамал ӘЛІШ

Оның айтуынша, орталыққа биыл жұмыс іздеген 22,6 мың адам жүгінген. Оның 18,7 мыңы жұмыссыз мәртебесін алыпты. Белсенді жұмыспен қамтуға 9,1 мың адам тартылып, 7,8 мыңы тұрақты және субсидияланатын жұмысқа орналастырылған. Ал өз кәсібін бастаған 406 кәсіпкер «Бастау Бизнес» жобасы бойынша қолдау тауып, тағы 888 адам онлайн және офлайн форматта оқудан өткен. Кәсіптік бағдар беру жағы 3,6 мыңнан астам оқушы мен студентті қамтыған.

Иә, жұмыспен қамту бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – жұмыс іздеп жүрген алматылықтарды кәсіби оқыту. Ол оқу орталықтарында да, жұмыс берушілердің сұранысымен тікелей жұмыс

орнында да өткізіледі. Оқу мерзімі – алты ай. Қатысушыларға шәкіртақы немесе жалақы төленеді.

«Қысқа мерзімді оқыту – еңбек нарығына тез бейімдеудің тиімді құралы. Мемлекет 43 574 теңге көлемінде шәкіртақы немесе 20 АЕК мөлшерінде жалақы төлейді. Сонымен қатар, жұмыс берушілер түлектерді кемінде алты айға жұмысқа қабылдауға міндетті», – деп атап өтті спикер.

Қазіргі уақытта оқуға 104 адам жіберілген, 40 сұранысқа ие мамандық бойынша тағы 516 бос орын бар. Олардың қатарында тігінші, аспаз, станок операторы мен құрылыс саласының мамандары бар екен. «Жастар практикасы» бағдарламасы да жалғасып жатыр. Ол әлі үлкен өмірге араласа қоймаған, еңбек тәжірибесі жоқ түлектерге мүмкіндік береді. Бағдарламаға кейінгі бес жыл ішінде оқуын аяқтаған 35 жасқа дейінгі жастар қатыса алады. Кәсіпкерлікті қолдауға да ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекет өз ісін бастау үшін 400 АЕК көлемінде, яғни 1 730 000 теңге қайтарымсыз гранттар ұсынады.

«Гранттар әлеуметтік осал топқа жататын азаматқа бизнес-идеясын жүзеге асырып, өндірісті жолға қойып, тұрақты табыс табуға мүмкіндік береді. Қаражатты құрал-жабдық, керек-жарақ пен жалға алуға пайдалануға болады. Оларды тұтыну мақсатына, несиені өтеуге бермейді», – деді Ә.Жаңабаев.

Спикер биыл осындай 380 грант беру көзделіп отырғанын да атап өтті.

«Еңбек дауына негіз жоқ!»

Биыл I тоқсанда Алматыда азаматтардың 3 мыңға жуық өтініші қаралып, еңбек заңнамасын бұзған 300-ден астам оқиға анықталған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында қалалық мемлекеттік еңбек инспекциясы департаментінің жұмыс қорытындысында айтылды.

Департамент басшысының орынбасары Қасымбек Сайлауов осы уақытта жеке және заңды тұлғалардан 2969 өтініш келіп түскенін жеткізді. Содан 297 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 331 заң бұзушылық анықталған екен, оның басым бөлігі еңбек қатынасына қатысты болып шыққан.

«Бірінші тоқсанда біз азаматтардың еңбек құқығын қорғау бағытында үлкен жұмыс жүргіздік. 3 мыңға жуық өтінішті қарап, шамамен, 300 тексеру өткіздік. Нәтижесінде 300-ден астам заң бұзушылық анықталды, олардың көпшілігі еңбекақы төлеуге байланысты. Бұл қызметкерлерді қорғау мәселесі әлі де өзекті екенін көрсетеді», – дейді Қ.Сайлауов.

Тексеру қорытындысы бойынша 202 нұсқама беріліп, оның 140-ы орындалған, бұл – 69,3%. 159 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл-

дың жалпы сомасы 33,4 млн. теңгеге жетті, оның 18,1 млн. теңгесі өндірілді. Өндірісте 14 оқыс оқиға тіркеліп, 14 қызметкер зардап шеккен. Қазір 63 қызметкерге 31,6 млн. теңге берешек болып қалған 4 кәсіпорын бар. Осындай ұйымның қатарында «Бегалы» жеке кәсіп иесі мен бірнеше жекеменшік мектеп те бар, олар да жалақы мен өтемақы жағынан қарыз.

«Еңбекақысын өтемеген кәсіпорындар бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Біз нұсқама беріп, айыппұл салып, материалдарды мәжбүрлеп орындауға жібердік. Жағдайды бақылауда ұстап отырмай, ішінара төлем жасалып жатыр, еңбек дауына негіз жоқ», – деп атап өтті спикер.

Аталған кезеңде департамент жүргізген жұмыстың арқасында 45 кәсіпорында 44,1 млн. теңге көлеміндегі еңбекақы қарызы өтеліп, 78 қызметкердің құқығы қорғалды. Былтыр 163 ұйымда 1 млрд. теңгеден астам қарыз өтеліп, шамамен, 2,9 мың қызметкердің алдындағы берешегі жабылған. Түсіндіру жұмыстары бойынша 183 адам қатысқан 5 кездесу өтіп, 150 азаматқа кеңес берілген, прокуратура және кәсіподақтармен бірлесіп, 32 көшпелі іс-шара ұйымдастырылыпты. Сондай-ақ, ұшжақты комиссия отырысы тұрақты өтіп, азаматтарды күнделікті қабылдап жатыр.

Әзірлеген Дана САДЫРҚАН.



ШӨМІШБАЙ САРИЕВ – 80

Алматыда көрнекті ақын, ақоғам қайраткері Шөмішбай Сариевтің 80 жылдығына арналған «Ұлы Дала – шөл даланың ұлымын» атты еске алу кеші өтті. Тағылымды кеш ақынның шығармашылық мұрасын ұлықтауға, оның ұлттық әдебиет пен руханияттағы орнын айшықтауға арналды.



«ЖАЗҒАН ЖЫРЫ САЗДЫ ӘУЕНГЕ АЙНАЛҒАН...»

сыйлықтың, «Алтын адам – Жыл адамы», платиналы «Тарлан» марапаттарының лауреаты. Ал біздің қаламыз үшін ол – Алматы қаласы Мемлекеттік архивінің қор жасаушысы (қор №650) ретінде де белгілі.

Кеш қонақтары алдымен ақынның жеке мұрағатында сақталған сырға толы суреттер көрмесін тамашалады. Әсерлі кешті қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев ашты.

– Біз бала кезімізден Шөмішбай Сариевтің өлеңін жаттап өскен ұрпақпыз. Ақын сөзіне жазылған әндер өз елімізде

ғана емес, әлемнің барлық сахналарында шырқалды. Ұлы Абай атамыз айтқандай, «соңына өлмейтұғын сөз қалдырған» Шөмішбай ақынның есімі халқымен бірге жасай бермек, – деді Данияр Әлиев.

Өмірде тығыз шығармашылық байланыста болған композитор Бейбіт Оралұлы Шөмішбай ақынның кез келген өлеңінің әнге сұранып тұратынын айтып, тамаша туындылардың қалай жазылғаны туралы естеліктерін ортаға салды. Енді бір сәтте әнші Естай Әлдекеев ақын ағасына арналған «Ағаларыма» деген әнін орындаса, «Қарағым-айдың» шығу тарихына тоқтал

ған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сүлеймен Ибрагимов әнді нәшіне келтіре орындап берді.

Еске алу кешіне қатысқан М.Нәлібаев, М.Ахет, С.Нұрмағанбетова, басқа да белгілі ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері Шөмішбай Нағашыбайұлының адами қасиеті, шығармашылығы туралы еске алды. Жары Жұмагүл Сариева ақынның рухани мұрасының кеңінен насихатталуына мұрындық болған жандарға ризашылығын білдірді. Әдеби-сазды іс-шарадан қалың оқырманы ақынды шынайы сағынғаны анық көрінді...

ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ



КІШКЕНТАЙ ҒАЛЫМДАР МЕКЕНІ

Алматыда Балалар ғылыми музейі ашылады

Шаһарда осы жазда Орталық Азиядағы алғашқы әлемдік деңгейдегі Балалар ғылыми музейі ашылады. Almaty Children's Science Museum деп аталатын бұл жоба жәй ғана музей емес, болашақ ұрпақтың ғылымға деген қызығушылығын оятатын, шығармашылық ойлауын дамытатын және жаңа буын зерттеушілерін тәрбиелейтін заманауи бірегей білім беру кеңістігі болмақ.

Нұржамал
ӘЛІШ

Ұлттық Ғылым академиясында осы Алматы қаласының Балалар ғылыми музейі жобасы таныстырылып, оның тұжырымдамасы және елдің ғылыми әлеуетін дамытудағы рөлінің қандай болатынын талқыланды. Толығымен мемлекет қаржыландырып отырған жоба әдеттегі өзімізге таныс классикалық мұражай

емес, ғылыми теория мен тәжірибенің қатар ұштасатын жаңа білім беру ортасы ретінде қызмет етпек.

Ұлттық ерекшелікке сай бейімделетін ғылыми кеңістікте интерактивті зертханалар, галереялар ашылып, ғылым, технология, инженерия, математика мен жасанды интеллектке арналған тәжірибелік сабақтар, дәрістер ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, ойын баласын баурап алатын алаңдары бар KidsSTOP аймағы мен «Жібек жолындағы ғылым», «Ғарыш

кеңістігі» секілді тақырыптық бөлімдер жұмыс істейді. Мәселен, «Жібек жолындағы ғылым» қазақ халқының көшпелі кезеңдегі ғылыми жетістіктері мен қазіргі қолданысы таныстырылады. Әрбір құбылыстың ғылыми негізі түсіндіріледі. Ал экология бөлігінде, мәселен, Арал теңізінің тартылу себептері, оны қалпына келтіру жолдары және Алматы тауларындағы сел үдерістері туралы мәлімет беріледі. Басаяғы 130-дан астам бағдарлама, интерактивті экспозициялар ұсынылады. Бұл – теорияны тәжірибемен ұштастыратын интерактивті әрі заманауи формат.

«Біз балаларға ғылымның соншалықты күрделі еместігін, оларға да қолжетімді әрі қызықты екенін көрсетеміз. Музей ішінде биотехнология, ДНҚ, физика, жасанды интеллект және басқа да салалардағы зертханалары бар Science Hub орталығы жұмыс істейтін болады. Мұнда

балалар түрлі сынақ, эксперимент жүргізіп, жобаларға қатысып, әртүрлі салада қабілет-қарымын сынап көре алады. Ары қарай жолын ғылымнан табар болса, бек қуаныштымыз», – дейді болашақ Балалар музейінің білім, экспозициялар және ғылым жөніндегі директоры Дана Шаяхмет.

Елімізде адами капиталды дамытуға, ғылым мен инновацияны ілгерілетуге үлкен үлес қосуы тиіс музейдегі басты артықшылық – балалар ғылымды кітаптан емес, көзбен көріп, қолмен ұстап, тәжірибе арқылы үйренеді. Және де ілім-білімге, ғылымға құштар кішкентай достарымыз барлық процеске ата-анасымен қатыса алады.

Сегіз зертханасы болатын нысанның жалпы ауданы шамамен 27 мың шаршы метрді құрайды. Ал музейге жылына 560 мың адамнан астам адам келеді деген болжам бар.



ТОҚСАН ЖЫЛДЫҢ ТЫНЫСЫ

(Басы 1-бетте)

Әрбір екінші отбасы жазылған

«Вечерняя Алма-Ата» газетінің алғашқы Бас редакторы Вениамин Иванович Ларин болды. Басылымды алматылықтар алғашқы нөмірінен-ақ жылы қабылдады. Бұл ықыласты оқырман санының бірден артқанынан байқауға болады. Мұрағат мәліметтеріне үңілсек, сол жылдары газетке әрбір екінші отбасы жазылған. Сондықтан жылдағы таралымының өсу тенденциясы сақталды. Осыны ескерген қала билігі соғыс және еңбек ардагерлеріне, зейнеткерлерге, көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен жазылуына мүмкіндік жасады.

Сонымен бірге, газеттің көп бөлігі «Союзпечати» желісі арқылы бөлшек саудаға шығарыла бастады. Басылым сағат 15.00–16.00-де шығып, бірден дүңгіршектердің сөресінен табылатын. «Вечерняя Алма-Ата» газетінің сол күнгі нөмірін алуға асыққан оқырмандардың ұзын-сонар кезекке тұрғанына да кешегі тарих куә.

«Вечерняя Алма-Ата» экономика, шаһар шаруашылығы, мәдениет, медицина, білім және тәрбие мәселелерін молынан қамтыды. Танымдық тақырыпқа да көп орын берілді. Оқырмандар арасында газет бетінде тұрақты жарияланып тұрған сөзжұмбақтар, «жұлдыз жорамал», әзіл-қалжыңға құрылған қысқа әңгімелер танымал бола түсті. «Вечерняя Алма-Ата» аптасына 6 рет жарық көріп тұрды. Ал жексенбілік нөмірі «Жарнама» қосымшасына арналды. 1970 жылдың аяғы мен 1980 жылдың басында «Вечерканың» таралымы, қала халқының саны 800 мың адам болып тұрған шақта, шамамен, 210 мың дананы құрады.

Қаланың көзі, құлағы һәм тілі

Осы қарқынды жылдар ішінде «Вечерняя Алма-Ата» асқан танымалдылыққа және үлкен беделге ие болды. Оның беттерінде жарияланған әрбір мақала түрлі ұжымдарда, тіпті әр отбасында талқыланып жатты. Белгілі бір ұйымдарға қатысты жазылған сыни материалдардың да пәрмені мықты болатын. Сын садағына ілінген сол мекемелер газет мақаласынан кейін кемшілігін бірден түзеуге, яғни сыннан дереу қорытынды шығаруға ұмтылып жататын.

Уақыт өте келе редакцияда «Қоғамдық қабылдау» бөлмесі ашылды. Онда алматылықтар кез келген тұрмыстық мәселесімен жүгіне алатын. Осынау қоғамдық қабылдау шеңберінде қалалық және аудандық ведомстволардың басшылары, тіпті қала билігінің бірінші тұлғалары да тұрғындардың өзекті мәселелеріне құлақ қойып, олардың оң шешілуіне ықпал етті. Халық пен жергілікті билік арасына алтын көпір орнатып, екіжақты тиімді диалог алаңына айнала білген «Вечерняя Алма-Ата» газетінің беделі сөйтіп бұрынғыдан да биіктей түсті.



Басылым ұжымы газет шығарып қоймай, қала тарихында танымал «Золотой фазан», «Мотокросс» сынды басқа да өзгеше форматтағы жарыстардың бастамашысы болды. Қазіргі күні жылда Медеу шатқалында өтіп жүрген «Баспалдақ» деп аталатын бұқаралық спорттық жарыстың о бастағы идеясы да осы «вечеркалық» әріптестерімізге тиесілі.

«Вечерняя Алма-Ата» қала атының өзгертілуіне байланысты 1993 жылы «Вечерний Алматы» деген атауға ие болды. Қазір осы атпен шығып келеді.

Жанкешті журналистер

Баршамызға мәлім, 90-жылдардағы қоғамдық өзгерістер көптеген мерзімді басылымның қос өкпесінен қыса бастады. Тіпті, жабылып тынғаны қаншама! Осындай өліара шақта коммерциялық бағыттағы газеттер бой көрсете бастады. Ал олардың негізгі тақырыбы өтірік-шыны беймәлім, құр дақпырт қуған сенсациялық оқиғалар еді. Бірақ ешқандай қаржы көзі жоқ, өз алдына жеке баспаханасы да, жарытымды техникалық базасы да болмаған «Вечерний Алматы» құламады.

Мамандығын шексіз сүйетін жанкешті әріптестердің арқасында барлық қиындыққа төтеп берді. Әрине, айтарлықтай бұрынғы беделі болмағанымен, газет шығару ісін бір сәт те тоқтатпады. Аптасына 2 рет 3,5–4 мың дананы да місе тұтып, шыға берді. Себебі, мақсат – пайда табу емес, алматылықтарға сапалы қызмет ету еді. Мемлекеттен ешбір қаржылық көмек болмаса да, елімізде және қалада болып жатқан оқиғалар жайында, аяғынан қалт-құлт етіп енді ғана тұрып жатқан жас Қазақстанның экономиканы қалпына келтіру және көтеру, тәуелсіздікті қалып-

тастыру жолындағы күш-жігері туралы сапалы материалдар дайындап, оқырмандарына кез келген жаңалықты объективті түрде жеткізіп отырды.

«Вечерний Алматы» өзінің 30 жылдық мерейтойында (1998 жылы) бір нөмірін «Мир» ғарыш станциясына жіберді. Бұл тарихи миссияны белгілі ұшқыш-ғарышкер Талғат Мұсабаев орындаған болатын. Бүгінде әйгілі «Мир» станциясының борттық мөрі басылған сол нөмір редакция мұрағатында сақтаулы.

Жаңа тыныс

2001 жылдан бастап «Вечерний Алматы» газеті қайтадан жанданды. Яғни оның үшінші жаңғыру кезеңі басталды. Басылым аптасына үш реттен шығуға көшті. Көлемі ұлғайды. Түрлі-түсті болып шыға бастады.

Әртүрлі қайырымдылық іс-шаралары мен акцияларға белсенді қатысты. Жыл сайын өз есебінен 300-ге жуық соғыс және еңбек ардагерін газетке тегін жаздыртып отырды. Ардагерлерден, мүгедек жандардан және халықтың аз қамтылған, әлсіз қорғалған тобынан түскен барлық хабарландыру мен «көңіл аитуды» тегін жариялай бастады. Яғни өзіне адал оқырманына неғұрлым жақын бола түсті.

2004 жылы 25 қыркүйекте «Вечерний Алматы» өзгеше мерейтойын атап өтті: өзінің заманауи басылым болғалы бергі 10 мыңыншы нөмірін шығарды. Қазақстандық БАҚ-тың дамуына қосқан елеулі үлесі, Алматы қаласының тыныс-тіршілігін жан-жақты және терең қамтитын материалдар жариялағаны үшін ұжым Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен

«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

- «Вечерний Алматы» газеті осы күнге дейін жалпы таралымы 360 млн. данадан асатын 15 мыңға жуық нөмір шығарды.
- 2013, 2015 және 2023 жылдары «Үздік мерзімдік басылым» номинациясы бойынша «Жыл таңдауы» республикалық байқауының лауреаты, ал 2014 жылы Қазақстан Журналистика академиясының «Алтын адам» сыйлығының иегері атанды.
- Осы 90 жыл ішінде газетті 17 редактор басқарды. Ал қазіргі бас редакторы – Талғат Исенов.
- Газеттің қазіргі таралымы: апталық – 21 мың дана; жылдық – шамамен, 1,1 млн. дана. Vecher.kz сайты да сәтті жұмыс істеп тұр. Республикалық рейтинг бойынша ТОП-30-ға енген.

марапатталды. Бірнеше журналистке ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің және Мәдениетті қолдау жөніндегі мемлекеттік қордың «Мәдениет қайраткері» құрметті атағы берілді.

Алматы мен алматылықтар үшін

«Вечерний Алматы» редакциясы қазір де Алматы оқырмандары арасында өз рейтингін және танымалдылығын арттыруға үнемі көңіл бөліп отырады. Мәселен, 2000–2007 жылдар ішінде көптеген көрсеткіш бойынша күнделікті басылымдар арасында кеш бастап, жалпы рейтинг бойынша 1-2-орын алды.

2010 жылғы ақпанда редакция Алматы қаласының әкіміне басылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру және қаржылық-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында «Вечерний Алматы» газетін Астана қаласында басып шығару туралы ұсыныспен шыққан болатын. Сол жылдың наурызында бұл жоба жүзеге асырылып, «Вечерка» Елорда төрінде басылып, таратыла бастады. Бұл жоба астаналықтардың еліміздегі Алматы сынды ең ірі мегаполистің әлеуметтік-экономикалық дамуымен тікелей танысуына, сондай-ақ аудиториясының едәуір кеңеюіне, таралымын ұлғайтуға және республикалық басылымдардың сапынан толыққанды көрінуіне жол ашты. Бұл да біздің аяулы әріптестер бағындырған бір белес. Алайда, 2015 жылы бұл жоба елдегі күрделі экономикалық жағдайға байланысты тоқтатылды.

Бірақ «Вечерний Алматы» республикалық мәртебесін жоғалтқан жоқ, Алматыға, алматылықтарға деген адал көңіліне көлеңке түсірместен алға жылжи берді.

Бүгінде «Alatau Aqparat» медиахолдингінің қос қанатындай болған «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Алматы» газеттері ақпарат айдынында қатар жүзіп келеді. Біз 90 жылдық белесті бағындырған әріптестеріміздің барлық жетістігіне әрдайым қуанамыз әрі тілекшіміз.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

ЛЕБІЗ

Жәнібек СҮЛЕЕВ, ҚР Журналистер одағының мүшесі:

Қайраткерлер қолтаңбасы

Газет редакциясында Қазақстан зиялыларының көрнекті өкілдері де қызмет етті. Солардың қатарында өнертанушы Людмила Енисеева-Варшавская бар. Ол сұхбаттары мен авторлық материалдары арқылы қазақ қаламгер-

лерін, жалпы мәдениет қайраткерлерін кеңінен таныстырды. Редакцияда кейін облыстық және республикалық басылымдарды басқарған Надежда Халиловна Гарифуллина («Огни Алатау») және Олег Квятковский («Казахстанская правда») сынды бегілі тұлғалар да абыйройлы қызмет атқарды. Сондай-ақ, «Вечерка» авторлары қатарында «Комсомольская правда», «Литературная газета», «Казахстанская правда» секілді іргелі басылымдардың тілшілері де болды.

90 жылдық тарихы бар «Вечерний Алматы» өзінің классикалық бет-бейнесін сақтай отырып, қазіргі цифрлық платформаға құрылған заманауи жаңа медиаға да еркін ілесіп кетті. Қаланың тыныс-тіршілігін, жергілікті билік органдарының қызметін, қоғамдық-мәдени өмірді оқырманның сұранысына қарай жедел түрде беріп отыратын газет.

Сонымен бірге, оқырмандарымен кері байланысты күшейтіп, олардың ақпарат тарату үдерісіне қатысуына мүмкіндік береді. Осылайша «Вечерка» өзінің тарихи миссиясынан айнымай келеді. Осындай іргелі басылымда менің де ізім, қолтаңбам қалғанын мақтаныш етемін.



Наталья ГЛУШАЕВА, «Ақпарат саласының үздігі»:

Өмірімнің бөлшегі

«Вечерний Алматы» газетіне екінші курс оқып жүрген кезімде келдім. Тым жас едім. Мұнда аты-жөні мақаласынан ғана емес, әрбір сөз, сөйлемінен таныла кететін Миртай Ақчулаков, Светлана Юнусова, Серік Байтанаев, Иннеса Зотова, Викторья Избицкая, Абдухалил Джалилов, Василий Шупейкин сынды майталман журналистермен әріптес болды. Әрқайсысы менің ұстазым болды. Олар менің алғашқы мақалаларымды асқан қамқорлықпен түзеп, байып-пен түсіндіретіні есімде. Журналистика табалдырығын имене аттаған маған сол кезде-ақ сенім білдірген Бас редактор Эльмира Рахимқызы Пашинаны да әрдайым құрметпен еске аламын. Өте қатал, ақылды әрі шыншыл болды. Фототілші Мэлс Етекбаевтың да еңбегін ешқашан ұмытпаймын. Сол кісінің арқасында фотожурналистикаға да бойлай бастадым. Ол бір мезетті қалай қағып алу керектігін, әр кадрды қалай сезіне білуді үйретті.

Уақыт өте келе қалалық, республикалық және халықаралық байқаулардың жүлделі орындарын иелене бастадым. Бұл жетістіктер маған қанат бітіріп, журналистикаға терең бойлауыма ықпал етті. Қандай тапсырма түседі, бәріне жүгіріп кетуші едім. Себебі, журналистика маған қатты ұнайтын. Шаһар шаруашылығы, әдебиет, мәдениет, спорт дейсіз бе, барлық саланы меңгергім келді. Уақыт өте келе мен өзімді репортаж жанрынан таптым. Әр жаңалықтың дәл ортасынан табылу, уақыттың тынысын, қаланың тамыр соғысын жүрегіммен сезіну мен үшін қызық болатын.

Газет – тірі организм. Ол уақытпен бірге ұштасып, жыл санап қаламен бірге өсіп, биіктеп келеді. «Вечерка» – менің жақыным, осынау өмірімнің бір бөлшегіне айналып кеткен.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

ТИІМДІ ТӘСІЛ

Мемлекет басшысы биылғы жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Дегенмен, әлі де мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында заманауи технологияларды енгізу өзекті мәселеге айналып отыр. Сондықтан қазіргі кезде оны оңтайлы шешудің тиімді жолдары қолға алынып, қарастырылып жатыр. Қалалық Білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен №107 бөбекжай-балабақша базасындағы «Жасанды интеллект тиімділігі» атты семинар осы мәселеге арқау болды. Медеу ауданының Білім бөлімінің басшысы Ақнұр Оразханқызы, Медеу аудандық әдістемелік бірлестік мүшесі Гүлнар Асқарбекқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика» кафедрасының меңгерушісі Ұлбосын Қияқбаева бастаған қаладағы мектепке дейінгі ұйымдардың жетекшілері, әдіскерлері мен тәрбиешілері осы мәселені талқылады.

Рая
ЕСКЕНДІП

Аталмыш іс-шара барысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесінде жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану жолдары талқыланып, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру мақсатындағы озық инновациялық тәжірибелер таныстырылды.

Қатысушыларға жасанды интеллекттің білім беру саласындағы мүмкіндіктері, атап айтқанда, оқу процесін дараландыру, балалардың танымдық қабілеттерін дамыту және педагог жұмысын оңтайландыру бағыттары бойынша мазмұнды баяндамалар ұсынылды. Іс-шара барысында спикерлер заманауи цифрлық платформаларды қолдану тәжірибесімен бөлісіп, жасанды интеллект негізіндегі



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

қосымшалардың тиімділігін нақты мысалдар арқылы көрсетті.

Сонымен қатар, педагогтер тәжірибе алмасып, қатысушылар өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді. Семинар қорытындысында мектепке дейінгі білім беру жүйесіне инновациялық технологияларды кезең-кезеңімен енгізудің маңыздылығы атап өтілді. Мұндай іс-шаралар педагогтердің кәсіби дамуына серпін беріп, білім беру сапасын арттыруға ықпал ететіні айтылды.

Семинар барысында қатысушыларға жасанды интеллекттің білім беру саласындағы маңызы мен артықшылықтары туралы теориялық мәліметтер ұсыны-

лып, педагогтер күнделікті жұмыс барысында қолдануға болатын инновациялық әдіс-тәсілдермен танысты. Сондай-ақ, балабақша тәрбиешілері шеберлік сыныптар өткізіп, жасанды интеллект элементтерін қолдану арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін көрсетті. Бұл күні қатысушылар түрлі тапсырмалар орындап, жаңа технологияларды тәжірибе жүзінде қолдану мүмкіндігіне ие болды.

Жалпы, өткізіліп отырған семинар педагогтердің шығармашылық әлеуетін арттыруға, заманауи білім беру үрдісін жетілдіруге бағытталған маңызды іс-шаралардың бірі болды.

«КІТАП – МӘҢГІЛІК МҰРА»

23 сәуір – Ұлттық кітап күні және кітапханашылардың кәсіби мерекесіне орай Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжінде «Кітап – мәңгілік мұра» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Іс-шараның мақсаты – кітаптың құндылығын насихаттау, оқырман мәдениетін қалыптастыру және жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Кітап – адамзат баласының рухани қазынасы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан баға жетпес мұра. Ол – өткен мен бүгінді байланыстырып, болашаққа бағыт-бағдар беретін сенімді құрал. Осы орайда ұйымдастырылған кештің мәні мен мазмұны ерекше болды.

Іс-шара барысында колледж директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары Гүлзира Жақсылыққызы құттықтау сөз сөйледі. Ол кештің маңыздылығына тоқтала келіп, кітаптың адам өміріндегі орны мен тәрбиелік мәнін атап өтті. Сонымен қатар, Алматы қаласы Білім басқармасының Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының техникалық және кәсіби білім беру бөлімінің әдіскері Сәбира Кенесбаева да білім беру жүйесінде кітаптың алатын орнына, жастардың оқу мәдениетін қалыптастырудағы маңыздылығына ерекше тоқталды.

Әдеби кештің ең маңызды сәттерінің бірі – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы, жазушы-драматург Жақсылық Мұратбек мырзаның

«Аспаны жақын ауылдың» атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімі болды. Автордың бұл еңбегі ауыл өмірінің тыныс-тіршілігін, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін мазмұнды шығарма ретінде көпшілік тарапынан жоғары бағаланды.

Іс-шараға елімізге танымал қаламгерлер мен өнер иелері арнайы қатысып, кештің мазмұнын байыта түсті. Атап айтқанда, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, жазушы Мағиара Қожахметова, республикалық «Балдырған» журналының бөлім редакторы, ақын, журналист Құл-Керім Елемес, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театр және кино актері Айдос Бектемір, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, актер Жандарбек Садырбаев және әдебиет зерттеушісі, ұстаз Тұрсынғазы Ондасынұлы кеш қонағы болды.

Кеш барысында қонақтар өз шығармашылықтары жайлы ой бөлісіп, әдебиет пен өнердің қоғамдағы маңызы туралы тағылымды пікірлерін жеткізді. Сонымен қатар, студенттердің қатысуымен әсерлі көріністер мен музыкалық нөмірлер ұсынылып, кештің мазмұны одан әрі байи түсті.

Мұндай мазмұнды іс-шаралар жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттырады. Әсіресе, кітап оқудың маңызын насихаттайтын осындай кештер ұлттық мәдениетіміздің дамуына зор үлес қосатыны сөзсіз.

Қорыта айтқанда, «Кітап – мәңгілік мұра» атты әдеби-сазды кеш жоғары деңгейде өтіп, көрермендерге ерекше әсер қалдырды. Бұл – кітап пен білімнің мәңгілік құндылық екенін тағы бір мәрте дәлелдеген тағылымды іс-шара болды.

Сәуле ЖАНДАР,
кітапхана меңгерушісі.



КҮЙ КҮМБІРЛЕП, СЫР ШЕРТІЛДІ

Ұлттық кітап күні және кітапханашылар күні қарсаңында қаламыздағы барлық кітапханалар мазмұнды іс-шараларға толы болды. Айталық, Орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты «Құлболды кітапханасында» әдеби-танымдық кеш Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген кітапханашысы Нәзира Дәулетованың ғасырлық мерейтойына арналды.

«Руханият ордасы: кітап пен кітапханашы үндестігі» атты іс-шараға «Adilmed» колледжінің ұстаздар мен студенттер, №26 және №219 мектептерінің өнерлі оқушылар қатысты. Кеште ұлт руханиятына үнсіз қызмет етіп, бар саналы ғұмырын кітапханаға арнаған Нәзира Дәулетованың өмір жолы мен еңбегі дәріпталып, кітапқа деген құрмет пен кітапханашы еңбегінің қадірі айрықша айшықталды.

Әдеби кеш №26 мектебінің оқушыларынан құралған «Баламайсан» домбырашылар ансамблінің күмбірлеген күйімен ашылды. Кештің шырайын кіргізген жас өнерпаздарға бағыт-бағдар беріп, өнер әлеміне жетелеп жүрген жетекшісі – музыка пәнінің мұғалімі Алма Темірбаева. Күйдің сазды әуені көрермен жүрегіне жол тауып, кештің рухани тынысын айқындай түсті.

Кеш барысында ғұмырын кітапхана ісіне арнаған ардагер ұстаздар Майраш Әкімжанова мен Балхия Жетпісбаева сөз алып, Нәзира Дәулетова туралы

жылы естеліктерімен бөлісті. Ашық пікір алмасу кештің мазмұнын тереңдетте түсіп, рухани байланысты нығайтты. Сонымен қатар, Ұлттық кітап күніне орай ұйымдастырылған кітап көрмесіне арнайы таныстырылым жасалып, кітаптың адам өміріндегі орны мен маңызы кеңінен насихатталды.

Кешті кітапхана жетекшісі Ж.Жақсыбаева қорытындылап, қатысушыларға Алматы кітапханаларында цифрландыру саласында болып жатқан жаңаша бастамаларымен бөлісіп, ақпарат бере отырып, өз тәжірибелерімен бөліскен ардагер қонақтарға алғыс ретінде естелік кітаптар табыстады. Кітапханамен бірлесе тығыз жұмыс атқарып жүрген мектеп кітапханашылары да ерекше атап өтіліп, олардың еңбегі жоғары бағаланып, Алғыс хатқа ие болды.

Гүлназ ҚҰДЫСПЕКОВА,
Алматы қаласы
Орталықтандырылған кітапхана
жүйесінің қызметкері.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



СТУДЕНТ ҚАЛАМЫ

Мегополис – көне мен жаңа дәстүрлер тоғысқан мекен. Кейінгі жылдарда Алматы тұрғындары жаһандық үрдістерге үн қатып, қаламыздың мәдени-әлеуметтік өмірін алуан түрлі реңге бояп келеді. Көше кезе қалсаңыз, қаламызда байкерлер көбейгенін байқайсыз. Ресми дерекке қарағанда, қаламызда 2 мыңнан астам мотоцикл тіркелген екен. Біз алматылық байкерлер әлемін танып-білу мақсатында зерттеу жүргізіп көрдік.



МОТОШАБАҢДОЗДАР

Алматылық байкерлер туралы білесіз бе?

Ең алғашқы мотоқлубтар XX ғасырда құрыла бастады. Мәселен, Америкадағы тарихи терең велосипедшілер клубы жаңғырып, 1903 жылы Yonkers MC мотоқлубы болып қайта құрылды. Кеңес Одағына бұл бастама 1989 жылы жетті. Ресми байкерлер клубы «Түнгі қасқырлар» деп аталды.

Ал Алматыдағы байкерлердің ең танымал қауымдастығы Almaty Bikers деп аталады. Клуб ғимараты Ташитова көшесі, 62

мекенжайында орналасқан. Байкерлік клуб сапар мен саяхатқа қызыққан тұрғындарды бір алаңға тоғыстырады, маусым сайын түрлі іс-шара өткізеді және қала көшелерін сап құрап жүріп өтіп, мотонауқан ұйымдастырады. Ал қаламыздағы SilkOffRoad Motorcycle Tours and Rental клубы болса, қызықты турлар мен саяхаттарға жол ашады, көліктерді жалға береді және техникалық қызмет көрсетеді.

MCC MOTORS деп аталатын тағы бір

клубпен танысу үшін Абылай хан даңғылында орталығына да барып көрдік. Клубта қала тұрғындары жол ережесін үйреніп қана қоймайды, мотоцикл жүргізуге машықтанады. Сонымен қатар, Алматыда Vespa Club Kazakhstan аталатын мотобірлестік бар. Vespa скутерлерін сүйетіндер Алматының шеткі аудандарында бас қосып, ортақ кездесу ұйымдастырады. Байқағанымыздай, Алматыда байкерлердің клубтары түрлі бағытта кеңейе түскен.

Ал сіз Қазақстандағы әйелдер мотоқлубының негізі біздің мегаполисте қаланғанын білесіз бе?! Тіпті, осы клубтың негізін қалаушы – біздің жақын әріптестіміз, «Вечерний Алматы» газетінің журналисі, «Ақпарат саласының үздігі» Наталья Глушаева екенін мақтанып айта аламыз. Ол күнделікті жұмысына да мотоциклмен келіп тұрады. Қаланың иін тірескен кептелісін жеңіп, екі доңғалақты көлік тізгіндеп жүрген қайсар жанның әңгімесі бізді бірден елітіп әкетті.

«АҚШАМНЫҢ» АЛТЫ САУАЛЫ

«Мотоцикліме де сәлем беремін»

1. Айтыңызшы, бұл қызықты сапарыңыз қалай басталды?

– «Міне, дәл осы сәттен бәрі басталды» дейтін жауабым жоқ. Қарап отырсам, мотоцикл тізгіндеп жүргеніме он жеті жылға жуықтапты. Бірақ адреналинге жетсем, жылдам жүйткісем деген қызығушылығым одан да ерте басталған-ды. Құдды бір тартылыс күшінің жетегінде кетіп бара жатқандай жұмбақ сезім болды. Бала күнімде жылқыны қатты жақсы көрдім, өз сәйгүлігім болса деп армандадым.

Бірақ біз көпқабатты үйде тұрдық. Жаным кеңістікті, кең даланы аңсайтын. Кейін, есейгенде, сол арманды жүзеге асыратын жол таптым. Әрине. Ол болды ғой. Ең қызығы, ең алғаш Honda Steed мотоциклін міндім, «steed» деген сөздің өзі «жылқы» деген мағына береді. Бұл маған жәй ғана бір сәйкестік емес сияқты болды. Бір жағынан, балалық арманым басқа формада шындыққа ұласқанын сездім.

2. Бұл хоббиіңіздің арқасында жеткен жетістіктеріңіз де бар болар?

– Әлбетте! Қазақстан бойынша байкерлерге берілетін «Бауырсақ» атағының үш түрін алдым. Бұл марапатқа сай болу үшін белгілі бір қызықтықты нақты уақыт ішінде жүріп өтуің керек. Тағы «Қос дөңгелек мыңдығы» деген марапатым бар... Бірақ шынын айтсам, бұл атақтарымнан гөрі жарыс жолындағы жай-күйім, алған әсерім маңызды.

3. Ең қызықты сапарыңыз жайлы айтсаңыз...

– Ең қызық сапардың бірі – Қазақстан мен Ресей арасын жалғаған жол. 12 мың шақырымды құраған бұл маршрутты жолдасым екеуміз қатар еңсердік. Екі мотоға мініп, Алматыдан Мәскеуге қарай жол тарттық. Жолдың қиындығына қарамастан саяхатымыз қызық болды, ертегідегідей «нағыз шытырман оқиғаға толы болды» десе болар.

Біз жаздың басында жолға шықтық қой, бірақ ауа райы бізге қараспады, мүлдем көңіл көншітпеді. Астана мен Қостанай арасында мотоциклді жолдан ығыстырып жіберердей қатты жел соғып, бірнеше күн қатарынан жаңбыр астында қалдық. Оралдан асқанда қалың тұман түсіп, оның қою болғаны сонша, алдыңғы дөңгелектен ары қарай ештеңе көру мүмкін болмады. Кейін қар

жауды да, жол жүру тіпті қиындап кетті. Бірақ дәл осындай эмоцияға толы сәттер уақыт өте келе ең қымбат естелікке айналады екен. Байкерлікке деген махаббатым тіпті еселене түсті.

4. Жолдасыңыз екеуіңіздің таныстығыңыз да осы ортада басталды ғой?

– Иә. Біз бір байкерлер бас қосқан жиында кездестік. Ол достарымен бірге келді, мен өз сапарластарыма еріп бардым. Сол жерде таныстық, көңілімде бір ұшқын пайда болды... Қазір жолдасым Қазақстандағы алғаш ашылған байкерлік клубтың вице-президенті. Байкерлік біздің өміріміздің тұтас бір бөлшегіне айналған. Тіпті, тойымыз да байкерлерге тән ерекше стильде өтті. Ақ көйлектің орнына былғары шалбар мен арнайы бас киім кийуді жөн көрдім. Қонақтар да ерекше ықылас білдіріп, таңырқап жатты. Балаларымыз да шетінен «мотосүйер», оларды нағыз байкерлерге тән асқақ рухта тәрбиелеп жатырмыз.

5. Алматыдағы байкерлік қауымдастықтың өзіндік дәстүрі мен ерекшелігі бар ма?

– Иә, әрине бар. Алматыда байкерлердің үлкен әрі белсенді қауымдастығы қалыптасқан. Бірақ біздің байланысымыз тек қала ауқымында шектелмейді. Біз Қазақстанның басқа қалаларындағы, тіпті шетелдердегі байкерлермен де жақсы қарым-қатынастамыз. Көп жағдайда бірлескен мототурларға, сапарларға, ортақ жарыстарға қатысамыз. Қала ішінде де өз дәстүріміз бар. Бірнеше жылдан бері әр бейсенбі сайын ерекше кездесу өткізіледі. Біз оны «чопперг» деп атаймыз. Бұл – бейресми кездесу. Байкерлер келіп әңгімелесіп, жеке жоспарын ортаға салып, талқылап, жәй ғана қызығушылығы ортақ адамдардың арасында уақыт өткізеді.

Әр мотокөлік тізгіндеген адамның өз наным-сенімі болады. Әдетте, байкерлер жол жүрмес бұрын арнайы бас қорғанын (шлемін) абайсызда құлатып алса, бұны жаман ырым деп біледі. Сол үшін кейбір мотосүйер қауым кездесуін кейінге шегереді немесе жолда барынша сақ болуға тырысады. Ал өзіме келер болсам, мен мотоциклімді тұрақтан шығарған сәтте сәлем беремін. Содан соң жолда болып қалар келеңсіз оқиғалардан сақтауын сұраймын. Кейде оны сипап, жігерлендіріп, қамшылап та қоямын. Техника болса да, жаным жақын

дүние ғой, адал серігім сыңайлы сырласқанды құптаймын.

6. Біз көріп өскен «Аспаннан үш метр жоғары» фильміндегі ережелер ше?

– Ашығын айтсам, бұл фильмнің байкерлік мәдениетке түк те байланысы жоқ. Онда жәй ғана мотоцикл мінетін кейіпкер туралы оқиға суреттеледі. Егер байкерлер қауымдастығының философиясы, құндылығы мен ішкі әлемі жайында зерттегіңіз келсе, сіздерге өзім жазған «Хранитель Баланса» деген кітабымды ұсынар едім. Біздің қоғам мотоциклі бар кейіпкерге белгілі бір образ таңады. Авторлар өмірге жеңіл қарайтын, еркін ойлы мақтансүйгіш, қалтасы қалың, тіпті дойыр деп сипаттайды. Бірақ мотоциклге шынымен қызығатын адамның ішкі жан-дүниесі мүлде бөлек. Мен үшін өмірде өз қызығушылығымды тауып, айқын мақсатыма апарар жол іздеу өте маңызды. Қазір кітап жазып жатырмын. Ондағы басты кейіпкер – байкер. Кітапта тек байкерлер мәдениетін сипаттап қана қоймаймын. Басты кейіпкерім өз жан-дүниесін тереңінен түсініп, өмір мәнін ұғынады.

– Қызықты әңгімеңіз үшін көп рахмет!

P.S. Қазіргі күрделі қоғамда заман-дастарымыз өмір ырғағын қалай реттерін білмей, күйзеліске түсетінін айтып жүреді. Бірақ байкерлер емес. Зерттеушілердің пікірінше, байкерлер үшін мотоцикл тізгіндеу – күйзелістен арылудың төте жолы. Жылдамдық пен қозғалыс назарды жолға ғана аударып, адам өзін еркін сезінеді. Осылайша психологиялық терапиядан өтеді.

Мотоциклдің дизайнын, моделін, жылдамдығын талғауына сай таңдап алу да «дертке дауа». Мұның бәрі байкердің денсаулығына оң ықпалын тигізеді. Осыдан қарағанда қарбалас мегаполис өмірінде байкерлердің көбеюі де заңды шығар... Өзіміз айрықша ден қойып, сұхбаттасқан Наталья Глушаеваның бойынан да осындай қайтпас қайсарлықты байқадық.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 27 сәуірдегі №2/195-562 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Туризм басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 4 наурыздағы №31.1-31.04/133-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. Ортақ пайдалану нысаны (Алматы тау кластерін қалыптастыру, арқанды жол базалық станцияларының құрылысы) үшін Алматы қаласы, Медеу ауданы, Алма-тау көшесі бойында орналасқан 4 (төрт) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

- 4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік қасіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Туризм басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 27 сәуірдегі №2/195-562 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Table with 4 columns: P/с №, Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы), Кадастрлық нөмірі, Жер учаскесінің орналасқан жері, Жер учаскесінің ауданы, га.

ШЕШІМ

Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2026 жылғы 23 сәуіріндегі №2 – ш шешімі

Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі «Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» №2 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

ШЕШІМ:

- 1. Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі «Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» №2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1545 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
көрсетілген шешімнің 1-қосымшасында:
1) осы шешімнің №1 қосымшасына сәйкес №277, 288, 295, 296 сайлау учаскелерінің шекаралары және №277, 288, 295, 608, 685 сайлау учаскелерінің орталықтары өзгертілсін;
2) осы шешімнің №2 қосымшасына сәйкес жаңадан құрылған №706 сайлау учаскесімен толықтырылсын.
2. Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы шешімді ресми жарияланған кейін Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастырылуы қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Table with 2 columns: Әкім, А.ҚАЛДЫБЕКОВ. Includes «КЕЛІСІЛДІ» and Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясы.

Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2026 жылғы 26 сәуірдегі №2 – ш шешіміне №1 қосымшасы

№277 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Бәсенов көшесі, 227/14, Алматы қаласы білім басқармасының «№73 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекаралары: Бабаев көшесі: 35; Жандосов көшесі: 82, 84; Розыбакиев көшесі: 125/4, 125/5, 125/7, 125/76, 210/74, 212, 214, 216; Тимирязев көшесі: 68, 70, 72, 74, 78, 78/1, 80, 80 А, 111 А, 113; Өтепов көшесі: 31, 37; Шахмет Хұсаинов көшесі: 111, 111 А, 113, 115.

№288 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Бәсенов көшесі, 227/14, Алматы қаласы білім басқармасының «№73 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекаралары: Бәсенов көшесі: 10, 10 корпус 1, 10 корпус 2, 10 корпус 3, 25, 27, 27А, 29/225; Катаев көшесі: 196, 198, 200, 202, 204, 208, 210, 212, 214, 216, 218; Радостовец көшесі: 154, 158, 158/1, 160, 162, 170, 172, 178, 180, 182, 184, 186, 188, 207, 209, 211, 213, 215/23, 223, 229, 229 б, 231, 231 А, 233, 235, 237; Розыбакиев көшесі: 218, 220, 222, 230; Серкебаев даңғылы: 19; Өмірзақов көшесі: 141, 145, 161, 163, 165, 167.

№295 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 42, 23 павильон, «Атакент» Қазақстан ісерлік ынтымақтастық орталығы» акционерлік қоғамының ғимараты.
Шекаралары: Әуезов көшесі: 132/94, 134, 136, 136 А, 136 Б, 138, 138А, 140, 175, 175 А, 175 Б, 179, 179 А, 181, 181 А, 183; Жароков көшесі: 206, 210, 210 А, 210/1, 212, 214 Б, 218, 218 корпус 2, 218 корпус 3, 218 корпус 4, 218 корпус 5, 218 корпус 7, 218 корпус 8; Киргизская көшесі: 6; «Ботаникалық бақ» шағын ауданы: 1, 2, 3, 4, 5, 5Б, 6, 6/7, 7, 7/2, 7/10, 7/3, 7/5, 7/6, 7/8, 8/1, 8/2, 8/3, 8/4, 8/5, 8/6, 8/7, 8/8, 8/9, 9, 10, 11/1, 12/1, 12/2, 13, 14/1, 14/2, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 29, 30, 31, 32, 33, 33 А; Си Сінхай көшесі: 1, 1/1, 3, 5; Тимирязев көшесі: 36 Д, 42, 42/3, 42/4, 67/91, 67А, 69, 71, 71 А, 73, 75, 79; Өтепов көшесі: 2.

№296 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Ғабдуллин көшесі, 67, Алматы қаласы білім басқармасының «№69 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Әуезов көшесі: 122, 122 А, 122 Б, 122 В, 124, 126, 126 А, 126 Б, 126 В, 128, 130/73, 165, 165 А, 167, 169, 171, 173, 173 А; Бұқар жырау бульвары: 60 А, 62, 64, 64 А; Ғабдуллин көшесі: 61/79, 63, 65, 67, 67 Б, 69, 71, 88 А, 88/81, 90, 92; Ключов көшесі: 156, 158, 166, 168, 170; Манас көшесі: 75, 75 А, 75Г, 77, 77 А, 77Б, 83, 85, 87, 89; Нұрлы жол көшесі: 183 А.

№608 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Егізбаев көшесі, 9, Алматы қаласы білім басқармасының «№224 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Вахтангов көшесі: 21; Жандосов көшесі: 37, 37 А, 37 Б, 37 В, 37 Г; Егізбаев көшесі: 5 корпус 1, 5 корпус 2, 5 корпус 3, 5 корпус 4, 7/1, 7/10 корпус 1, 7/10, 7/2, 7/21, 7/3, 7/5, 7/6, 7/7, 7/8, 7/9.

№685 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 164/6, Бостандық ауданының компания-орталығының ғимараты.
Шекаралары: Абай даңғылы: 150, 160; Түркебаев көшесі: 244.

Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2026 жылғы 26 сәуірдегі №2 – ш шешіміне №2 қосымшасы

№706 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Ораз Жандосов көшесі, 94 үй, «Baitek school» жекеменшік мектебінің ғимараты.

Шекаралары: Жандосов көшесі: 94 А, 94Б, 94/1, 94/2, 94/3, 94/4, 94/5, 94/8, 94/12; Әбіш Кекілбайұлы көшесі: 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 21, 21А, 23 А, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 37, 37 корпус 1, 39, 39 корпус 1, 41, 43, 43 А, 43Б, 45, 47, 49, 49А, 53, 55, 59, 61, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 81, 81 корпус 1, 83, 85, 87; Өтепов көшесі: 31, 37; Шмелев көшесі: 35.

«Алматы электр станциялары» АҚ ҚР ЭК 96-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылдың 9 маусымында, сағат 11.00-де Алматы қ., 7-көше, 130-үй мекенжайындағы «АлЭС» АҚ 2-ЖЭО аумағындағы химиялық цехтың акт залында (307-каб.) «Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, Алматы 2-ЖЭО жаңғырту» жобасына арналған «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қазақстан Республикасы қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде https://ndb.ecology.gov.kz/, сондай-ақ Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article/1?activities=26476 сілте-мелері арқылы танысуға болады.

Учаскенің географиялық координаттары – 43,2389 с.е., 76.8490 ш.б., ал әсер ету аумағының географиялық координаттары Алатау ауданы - 43.3004 с.е., 76.8353 ш.б. Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде, сондай-ақ келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Республика алаңы, 4, тел.: +7 (727) 338-31-88, электрондық пошта: uprrip@mail.ru.

Төтенше жағдай режимі енгізілген және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алған жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн форматта өткізіледі.

Белсенді сілтеме Қазақстан Республикасы қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде және Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында орналастырылады.

Онлайн қосылу сілтемесі: https://us05web.zoom.us/j/3108236607?pwd=MnhhRVUoZeEF1bmkwOFJlSUJ0cVdHUT09&omn=83210877395

Конференция идентификаторы: 310 823 6607 Рұқсат коды: H6GF04

Бастамашының деректемелері: БСН 060640001713, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 7, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя, e-mail: zarzyukova@ales.kz, тел.: 8 (727) 254-03-27, 254-04-73.

Әзірлеушінің деректемелері: «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ, заңды мекен-жайы: Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 58 А, БСН 910840000078, байланыстағы тұлға: Нестерова Юлия, e-mail: u.nesterova@kner.kz, 8 701 210 98 00.

Қосымша ақпаратты келесі байланыс деректері арқылы алуға болады: zarzyukova@ales.kz, тел.: 8 (727) 254-03-27, 254-04-73.

Алматы аудандық Ардагерлер кеңесі медицина ғылымдарының докторы, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Есентай Бөдесұлы ТӘЖИЕВТІҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



Бас директор – Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі: тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары – Абдухалил ЖАЛИЛОВ тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары – Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА тел.: 293-04-28.

Бас редактор – Есхат БОЖАН тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары – Серік ЖҰМАБАЕВ тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы – Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы – Рая ЕСКЕНДІП

Саясат және экономика бөлімінің редакторы – Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы – Гүлжанат СЕМБАЕВА тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор – Куаныш ДЮСКАЛИЕВ тел.: 293-08-12. E-mail: rekالاتауақпарат@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekالاتауақпарат@gmail.com тел.: 293-08-25
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы – Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері: Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ, Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70 телефонның арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі: «Almaty Aqparat» ЖШС. E-mail: alatauaqparat@gmail.com Мекенжайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІП

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ17ҮР008085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



СӘБЕТ ЖАҚЫПБЕКОВ – 90

Алматы қаласында Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Үкіметтік байланыс қызметі ардагерлері арасында бильярд спортынан генерал-майор Сәбет Жақыпбеков 90 жылдығына арналған VIII ашық турнир өтті. Жарыс ардагерлердің басын қосып, спорт арқылы бірлік пен сабақтастықты нығайтуды көздеді.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Аталған турнир – спорттық сайыстан бөлек, ел қауіпсіздігі үшін еңбек еткен азаматтарға көрсетілген құрметтің айқын көрінісі. Биылғы жарысқа 38 ардагер қатысып, олардың ішінде 12-сі – отставкадағы генералдар. Бұл – турнирдің мәртебесі мен маңызын айқындай түсетін көрсеткіш.

Іс-шараның ұйымдастырушысы, отставкадағы полковник Қасымхан Есімсейтовтың

айтуынша, турнир жыл сайын еліміздің әр өңірінде ұйымдастырылып келеді:

– Мен Астана қаласынан келіп, осы турнирді ұйымдастырып жүрмін. Бұл жарыс Ұлттық қауіпсіздік комитетінің генерал-майоры, отставкадағы Жақыпбеков Сәбет Малғаждарұлының құрметіне арналады. Биыл оның 90 жылдығына орай Алматыда өткізіп отырмыз. Турнирге тек комитет ардагерлері қатысады. Мұндай кездесулер ардагерлердің бірлігін арттырып, олардың белсенді өмір салтын сақтауға ықпал етеді, – деді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, келесі жылғы жарысты Ұлытау қаласында өткізу жоспарланып отыр. Бұл дәстүрлі іс-шараның географиясын кеңейтіп, ардагерлер арасындағы ынтымақтастықты одан әрі күшейте түспек. Осындай игі бастамалар арқылы елге қызмет еткен азаматтардың еңбегі ұмыт қалмай, кейінгі буынға үлгі болары анық. Генерал-майор С.Жақыпбековтің есімімен байланысты турнир – тек спорттық жарыс емес, ол тарихқа – тағзым, ерлікке – құрмет.

ДОП ДОДАСЫ

Алматыда бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері арасында шағын футболдан дәстүрлі жарыс өтті. Турнир бесінші рет Алматы қаласының коммуникациялар қызметінің бастамасымен ұйымдастырылды.

Досбол
АТАЖАН

Ойындар «Pride PFC» футбол клубының базасында өтті. Турнирге республикалық және өңірлік БАҚ-тан жиналған 10 команда қатысты. Олардың қатарында «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерін біріктіретін «Alatau Aqparat» медиахолдингінің командасы да болды. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов жарыс алдында сөз сөйлеп, командаларға жылы лебізін білдірді.

– Осы жылдан бастап «Спорт – достық алаңы» деген жақсы жоба жасап жатырмыз. Қазір аулаларда, шаһар аудандарында өтіп жатыр. Оның ерекшелігі – спорт арқылы адамдарды жақындастыру. Бүгін сіздер әртүрлі редакцияда жұмыс істеп жатсаңыздар да, спортпен айналысып, футбол ойнап, бір-біріңізбен жақынырақ танысып, достықтарыңыз нығая түсетініне сенімдімін. Сондықтан бірінші кезекте бұл турнир – достық турнирі, – деді Абзал Нүкенов.

Іс-шараға арнайы қонақ ретінде қазақстандық футболдың аңызы Құралбек Ордабаев қатысты. Бұрын алматылық «Қайрат» клубының негізгі қақпашысы болған ол мұндай бастама қоғам үшін маңызды екенін айтты.

– Турнирдің 25 сәуірде өтуіне үлкен мән бар. Себебі, бұл – Қазақстандағы футбол күні. Еліміз 2002 жылы дәл осы күні Стокгольмде өткен УЕФА Конгресінде

ДОСТЫҚ ТУРНИРИ
«Alatau Aqparat» ұжымы жүлделі болды

Еуропалық футбол қауымдастықтары одағының (УЕФА) толыққанды мүшесі болып қабылданған еді. Бүгін спорт медиа мамандарының басын қосып отырғанына қуаныштымын. Мұнда керемет әсер алып, командалық рух та осындай кезде қалыптасады. Футбол адамның мінезін шыңдайды, – деді ол.

Турнирдің басты талабы – кәсіби футболшылардың қатысуына тыйым салынды. Соған қарамастан, алаңдағы тартыс

пен эмоция кәсіби футбол матчынан кем болған жоқ. «А» және «Б» тобына бестен бөлінген командалар өзара ойнап, жартылай финалға шығу үшін салды. «А» тобынан ұпай саны бойынша көш бастаған «31» телеарна және «КТК» телеарнасының ұжымдары келесі кезеңге шықты. Топтық кезеңде мүлдем жеңіліс көрмеген «Alatau Aqparat» командасы «Б» тобынан 1-орынмен, ал «Алматы» телеарнасы 2-орынмен шықты.

Жартылай финалда «Алматы» мен «31» телеарналар арасындағы ойын тең аяқталып, пенальти сериясында «Алматы» командасы финалға жолдама алды. Екінші алаңдағы тартыс ойында «КТК» командасы 1:0 есебімен басым түсті. Жарыс финалында жеңімпаз тағы да пенальти арқылы анықталды. «Алматы» телеарнасы турнир жеңімпазы атанды. Ал үшінші орын үшін өткен ойында «Alatau Aqparat» командасы «31» арна ұжымын 3:1 есебімен жеңіп, қола жүлдеге ие болды. Жарыс нәтижесінде 1-орынды – «Алматы» телеарнасы; 2-орынды – «КТК» телеарнасы; 3-орынды – «Alatau Aqparat» медиахолдингі еншіледі. Үздік командалар ақшалай сертификатпен марапатталды.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің басшысы Балсұлу Әлекенова жеңімпаздарды құттықтап, турнирдің кәсіби қауымдастықты ұйыстыруға мүмкіндік бергенін атап өтті.

– Журналистер ақпаратпен жедел жұмыс істеп қана қоймай, керек кезде ұйымдасып, нағыз спортшыға тән мінез де көрсете алатынын дәлелдеді. Жыл сайын бұл жарыстың ауқымы кеңейіп, Алматының медиақауымдастығының мәдени және кәсіби өмірінің маңызды бөлігіне айналып келеді, – деді ол.

Кезекті турнир арқылы қаланың ақпарат кеңістігін қалыптастырып жүрген медиа саласының қызметкерлері спорт алаңында да бас қосып, достық қарым-қатынастарын бекемдей түсті. Қаламызда ұдайы ұйымдастырылып келе жатқан «Спорт – достық алаңы» жобасы аясындағы іс-шаралар салауатты өмір салтын, спорттық рух пен достықты насихаттап келеді.